



«Бекітемін»
ЖЖКЖЖТК басшысы
Т.С.Жүкенова
«25» 09 2022ж.

Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінің 2022-2023 оқу жылындағы
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша жұмыс жоспары

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша кеңес құрамын бекіту	Бұйрық	Оқу жылының басы	Колледж басшысы
2	Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында стандарттар мен ережелерін таныстыру.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен танысу Хаттама	Оқу жылының басы	Колледж басшысы Мамандар бөлімі
3	Еңбек тәртібінің, жұмыс кестесінің орындалуын қамтамасыз ету және қызметкерлердің іс-аркеттеріне жауапты болу.	Ақпарат	Жыл бойы	Мамандар бөлімі
4	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлерін студенттер мен педагогтарға кездесу ұйымдастыру	Хаттама	Жыл бойы	Тәрбие бөлімі Әдістемелік бөлім
5	«Сыбайлас жемқорлық көріністері» сауалнама алу; (анонимдік түрде)	Сауалнама	Семестр сайын	Психолог Топ жетекшілері
6	«Адал бол!», «Абыройлы ұстаз» конкурсы студенттердің қатысуымен бейнежазба түсіру.	Ақпарат	Жыл ішінде	Тәрбие бөлімі Ақпаратшы
7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сайындарды түсіру және әлеуметтік желілерге жариялау	Ақпарат	Жыл бойы	Тәрбие бөлімі Ақпаратшы
8	Студенттер арасында «Таза сессия», акциясын ұйымдастыру	Акция	Жылына 2 рет	Оқу бөлімі

9	БАҚ құралдарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мақала жариялау	Ақпарат	Жыл бойы	Әдістемелік кабинет ПШК жетекшілері
10	Колледж студенттеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттарын өткізу.	Кездесу Хаттама	Жылына 1 рет	Тәрбие бөлімі Топ жетекшілері
11	Кітапханадағы «Қорruption жоқ!» Кітап көрмесі	Ақпарат	Жыл бойы	Кітапхана бөлімі
12	Колледж студенттерінің ата-аналарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері туралы.	Кездесу	Жылына 2 рет	Тәрбие бөлімі Ата-ана комитеті
13	Азаматтардың өтініштерін қабылдау үшін колледж басшысының қабылдау бөлмесі; «жедел желі» телефондары және колжетімді чатпен қамтамасыз ету. «Сенім жөшігі» арқылы ақпарат жинақтау	Ақпарат	Жыл бойы	Ақпаратшы

Дайындаған: О.Қ.Шамырханова

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАҢАӨЗЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЖАНАОЗЕНСКИЙ КОЛЛЕДЖ
СЕРВИСА И НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

22.09.2022

Жаңаөзен қаласы

ПРИКАЗ

№ 87 н/к

город Жаңаөзен

«Комиссия құру туралы»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде жұмыс істейтін төмендегі құрамда комиссия құрылсын және комиссия мүшелері бекітілсін:

Кеңес төрайымы: С. Жукенова – басшы
Төрайым орынбасары: О. Шамырханова – БӘЖЖО
Кеңес мүшелері: Ю. Кисбаев – БТЖЖО
А. Кошджанова – БӨӨЖО
Г. Құлатай – м/б меңгерушісі
Д. Тимурова – ата-ана
Т. Элеупов – жұмыс беруші
А. Орынбасарова - студент

Басшы у.м.а

Ю.Қ. Кисбаев

«Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК



«Бекітемін»

ЖКҚ ЖТК басшысы

С.С.Жукенова

2022ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау өткізу бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Мазмұны

- 1 Жалпы ережелер**
- 2 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау өткізуді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету**
- 3 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім**
- 4 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың негізгі бағыттары мен критерийлері**
- 5 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын қорытындылау**
- 6 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар тізбесі**

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы әдістемелік нұсқаулықтар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды ұйымдастырудың және жүргізудің қағидаттарын, бағыттарын, тәртібін анықтайды.

1.2 Әдістемелік нұсқаулықтардың мақсаты – жоғарғы және орта-арнайы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізуге бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету болып табылады.

1.3 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына мыналар жатады:

- заңдылық – барлық субъектілердің нормативтік құқықтық актілерді және оларға сәйкес басқа да құқықтық құжаттарды толық және қатаң сақтауы;
- объективтілік – объективті, бейтарап баға беру мүмкіндігі;
- жан-жақтылық – құбылысты әр түрлі позициялардан, олардың қоғамдық өмірдің басқа құбылыстарымен байланысы тарапынан талдау;
- ашықтық – ақпараттың қол жетімділігі, мөлдірлігі.

2 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді нормативтік қамтамасыз ету

1 Қазақстан Республикасының Конституциясының (1995 жылы 30 тамызда қабылданған, 23.03.2019 жылғы өзгертулермен толықтырулармен);

2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18 қараша 2015 жылғы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы (01.01.2020 жылғы өзгертулермен толықтырулармен);

3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2020 жылғы 11 қаңтардағы өзгерістер мен толықтырулармен)

4 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы – Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы №986 Жарлығы

5 Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасы

6 2016 жылғы 21 қарашадағы №14441 сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік ережелері.

Негізгі терминдер мен анықтамалар:

сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында

заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар;

сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

3 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім

3.1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіз болып жоғары немесе орта арнайы оқу орнының бірінші басшысының, ол болмаған кезде – оның міндеттерін атқаратын адамның шешімі табылады.

3.2 Егер бірінші басшы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім қабылдаса, оның құрылымдық бөлімшелері мен олардың әрқайсысында талдаудың нақты мерзімдері көрсетілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің тиісті жоспары жасалады.

3.3 Білім беру мекемесі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобы құрылады немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты лауазымды адам тағайындалады.

4 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың негізгі бағыттары мен критерийлері

4.1 Орта арнайы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызмет;
- 2) қаржылық-шаруашылық қызмет;
- 3) білім беру қызметі;

4) әлеуметтік тәрбие жұмысы.

Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметті зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі: орта арнайы оқу орындарының басшыларының бос лауазымдарына орналасу туралы ережелер; біліктілік талаптары және кәсіби стандарттар; білім беру ұйымдарының басшылары мен оқытушыларының бос лауазымдарына орналасуға хабарландыру; конкурстық комиссия отырыстарының хаттамалары; оқытушылық құрамды аттестаттау хаттамалары; білім алушылардың, оқытушылардың және ата-аналардың әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері; Қамқоршылар кеңесі туралы ереже; Қамқоршылар кеңесінің құрамы туралы ақпарат; Қамқоршылар кеңесі отырысының хаттамалары; колледж директорының блогындағы ақпарат; білім беру мекемесі директорының жылдық есебі; оқу орны басшысының бұйрықтары.

Қаржы-шаруашылық қызметті зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі: қаржылық құжаттама; инвентаризациялық тізімдер; жұмыс уақыты парағы.

Білім беру қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен ақпараттардың болуына байланысты жүргізіледі: оқытушылардың жеке жүктемесі туралы ақпарат; білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау электронды журналы; емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже; оқытушылардың біліктілігін арттыру туралы куәліктер;

Әлеуметтік-тәрбие қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар жоспары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт; оқытушылар мен қызметкерлердің ар-намыс кодексі; студенттердің этикалық кодексі; «Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ережелер, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер; білім беру мекемесінің веб-сайтының контенті.

4.2 Жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызмет;
- 2) қаржылық-шаруашылық қызмет;
- 3) білім беру қызметі;
- 4) ғылыми-инновациялық қызмет;
- 5) әлеуметтік тәрбие жұмысы.

Басқарушылық және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметті зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі: жоғары оқу орындары басшыларының бос лауазымдарына орналасу туралы ережелер; біліктілік талаптары және кәсіби стандарттар; бос жұмыс орындарын толтыру туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру; конкурстық комиссия отырыстарының хаттамалары; оқытушылық құрамды аттестаттау хаттамалары;

көзқарасымен; оқытушы әріптестердің көзқарасымен; білім беру мекемесінің сайтының контентты; жатақханаға тұруға онлайн режимінде тіркелу.

5 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын қорытындылау

5.1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға жауапты адам немесе жұмыс тобы мыналарды қамтитын талдамалық есеп жасайды:

- анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;
- оларды жою бойынша ұсыныстар;
- анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымның орындалу мерзімі;

5.2 Аналитикалық есеп жұмыс тобының әрбір мүшесімен келісіледі және оған жұмыс тобының басшысы немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімнің орындалуын бақылау жүктелген адам қол қояды.

5.3 Аналитикалық есеп түрінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері білім беру ұйымының бірінші басшысына ұсынылады.

5.4 Аналитикалық есеп пен берілген ұсыныстар негізінде оған қол қойылғаннан кейін он жұмыс күн ішінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша іс-шаралар жоспары жасалады.

5.5 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты тұлға, құрылымдық бөлімше немесе жұмыс тобы аналитикалық есепке қол қойылған күннен бастап алты ай ішінде жоғарыда аталған іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылайды және білім беру ұйымының басшысына есептік ақпарат ұсынады.

5.6 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданатын) шаралар туралы ақпарат субъектінің (білім беру мекемесінің) интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау орналастырылады.

5.7 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің (білім беру мекемесінің) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында ашық талқылауға жол беріледі.

6 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар тізбесі

- *ғылыми-инновациялық қызмет саласында:* жалпыға танылған ғылымиметриялық көрсеткіштерді (мақалалар, дәйексөздер саны, Хирш индексі) қолдана отырып, кандидаттардың ғылыми-зерттеу әлеуетін объективті бағалау негізінде сыртқы халықаралық және ішкі құрамға жаңа көзқарас енгізу; «Антиплагиат» жүйесін енгізу; дипломдық жұмыс туралы ережені әзірлеу және сайтта жариялау; магистрлік диссертация туралы ереже; диссертациялық кеңес туралы ереже; магистратура туралы ережелер; PhD докторантура туралы ереже.

- *әлеуметтік-тәрбие қызмет саласында:* оқытушылардың ар-намыс Кодексін енгізу, онда кәсіби және іскерлік сапалардың сипаттамаларынан басқа, профессорлық-оқытушылық құрамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасы туралы бөлім болуы және оны нығайтудың жолдары ашылуы керек; педагогтардың, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешенін жүзеге асыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы кітап көрмелері мен байқаулар; студенттерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы есеп беру тәсілдері туралы ақпараттандыру; ағымдағы оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын әзірлеу және жариялау; «Қоғамтану», «Құқық» кәсіптік білім беру мекемелерінде іске асырылатын қоғамдық пәндер бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мазмұнның оқу модулін енгізу; қоғамдық пәндер бойынша аудиториядан тыс өзіндік жұмыс тізімін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның құрамы туралы ережені әзірлеу және жариялау (құрамында студенттер құрамының өкілдері де болуы керек); комиссия жұмысы туралы баяндамаларды жүйелі түрде жариялау; жатақханаға тұруға онлайн режимінде тіркелу тәртібін әзірлеу; «Сыйлықтар және сый беру шығындары» процедурасы туралы ережені әзірлеу және жариялау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат; Парасаттылық мектебі туралы ереже; Парасаттылық мектебі жұмыс жоспары; «Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ереже; «Саналы ұрпақ» студенттер клубының жұмыс жоспары; Мүдделер қақтығысын шешу (реттеу) саясаты.

«Бекітемін»
«ЖҚКЖЖТК» МККК басшысының
у.м.а С.С.Жукенова

« 2020ж. »



Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Жанаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар
колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

2020 жыл

Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - *Министрлік*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші Маңғыстау облысының білім басқармасы (*құрылымдық бөлімше*) болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;

4) тиісті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

2. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиісті салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;

3) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және биязылық таныту;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;

5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды қолдану;

6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;

8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылықтар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

9) мемлекеттік органда еңбек заңнамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сақтауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:

1) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

2) қолжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;

3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсаңнан (салғырттықтан) аулақ болу;

4) сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелеу кезінде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуетті жеткізуші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

11. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелеу туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мүліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;

5) сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсаңға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күманданған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мүдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну;

8) табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де әрекеттерді іске асыруда біреуге көмектесуден бас тарту.

12. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда қоғамның, бүкіл ақпараттық құралдардың міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен тұрақты негізде құқықтық актілер мониторингі мен тиісті есептер дайындауды үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жіберуге дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталға орналастыру;

4) сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормативтік құқықтық актілер нормаларын пайдаланбау.

13. Қызметшілерін/жұмыскерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімін сақтау;

2) ұйымға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) мемлекеттік қызметкерлердің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) қызметке/жұмысқа үміткерден еңбек шартын жасауға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексеруді әділ және жан-жақты жүргізу.

14. Тіршілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің көлемін нақты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижелерін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік таныту,

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айыптауға, дөрекілік факторларына, адамның ар-намысына тиюіне, жөнсіздікке, дөрекі мінез-құлыққа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне эсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық заң бұзушылық жасауға итермелемеу;

8) өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріптестерде туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды өз уақытында қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, мүлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.